«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан оқушылар арасындағы Қарағанды облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының 2-ші кезеңіндегі қатысушыларға арналған сұрақтар мен олардың жауабы

<u>6-сынып оқушыларына арналған сұрақтар</u>

Қазақ әдебиеті пәні бойынша сұрақтар және олардың жауабы:

1. Әдебиет дегеніміз не? Әдебиет дегеніміз – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін сөзбен келістіріп айту өнері.

2. Әдебиет деген сөз қандай мағына береді? Әдебиет – араб сөзі, аударғанда «асыл сөз» деген мағынаны білдіреді.

3. «Сөз өнері» дегеніміз не? «Сөз өнері» дегеніміз әдебиет.

4. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты не? Көркем әдебиет туындыларынан жүйелі түсінік беру, көркем шығармалардың мазмұнын, идеялық-тақырыптық мәнін айқындай білу, сөздік қорды молайтуға, әдеби тіл нормасын игеруге жағдай жасау.

5. Ертегі деген не? Халық ауыз әдебиетінің бір түрі.

6. Ертегілердің қандай түрлері бар? Қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы, шыншыл ертегілер бар.

7. «Аяз би» қандай ертегіге жатады? Шыншыл ертегі.

8. Қанатты нақыл сөздер деген не? Мағынасы терең, мақал-мәтелге ұқсас, айтуға оңай, күрделі мәселелерді дәл бейнелейтін шешендік сөздер.

9. Нақыл сөздердің мақал-мәтелдерден басты айырмасы не? Қанатты нақыл сөздердің авторы болады, белгілі бір тарихи тұлғалардың атымен байланысты айтылады.

10. Жиренше шешеннің бір нақыл сөзін ата.

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

Бес дегеніміз – белсеніп шапқан жау жаман.

Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпеген сол жаман.

11. Жоқтау дегеніміз не? Қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Жоқтау жырлары ежелгі түркі халықтарының ортақ басқа әдеби мұраларда да кездесіп отырады.

12. Жоқтау ауыз әдебиетіміздегі қандай жырларда ұшырасады? «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостарда, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты ғашықтық жырларда ұшырасады.

13. Шендестіру деген не? Бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы әр тарап ұғымдарды, түр-түсі әр бөлек нәрселерді өзара бетпе-бет қою арқылы бұлардан мүлде басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін анықтау, аңғару, елестету.

14. Ежелгі дәуір әдебиеті дегеніміз не? Түркі тектес халықтардың барлығына ортақ көркем сөзбен жасалған мұра.

15. Ренессанс дегеніміз не? Мәдениеттің жаңарып, жаңғырып отыруы.

16. Әбу Насыр әл-Фараби кім? Аристотельден кейінгі дүниежүзілік мәдениет пен білімнің екінші ұстазы атанған данышпан, философ, энциклопедист-ғалым, әдебиетші, өз дәуірінің көрнекті ақыны, ислам дәуір әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан ғұлама.

17. Әл-Фараби қай жерде туған? Арыс өзенінің Сырдарияға құятын сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туған.

18. Әлемнің екінші ұстазы неліктен әл-Фараби атанған? Ғұлама дүниеге келген Отыр шаһарын арабтар «Фараб» деп атаған, сол бойынша ұлы ұстаз әл-Фараби атанған.

19. Лирика дегеніміз не? Әдебиет тегінің бір түрі.

20. Лирика деген атау қалай шықты? «Лира» – грекше музыкалық аспаптың атауы. Лираға қосып айтатын өлеңді «лирика» деп атаған.

21. Ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арманын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр ғып шертетін өлең қалай аталады? Лирика деп аталады.

22. Лирикалық шығарма қандай үлгіде жазылады? Өлеңмен жазылады.

23. Лириканың өзі қандай түрлерге бөлінеді? Табиғат лирикасы, махаббат, саяси, азаматтық, философиялық лирика деген түрлерге бөлінеді.

24. Қазақ халқының төл әдебиеті қай ғасырларда қалыптаса бастады? Көне түркі дәуірлерінен басталып, Шығыс классикалық дәстүрлерінен нәр алған ұлттық әдебиетіміз XV-XVI ғасырларда қалыптаса бастады.

25. Қазақ әдебиеті тарихындағы XV-XVI ғасырлардағы кезең қалай аталды? Хандық дәуір әдебиеті деп аталады.

26. Хандық дәуір әдебиетінің қандай ірі өкілдері бар? Асанқайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири сияқты ойшылдары, тарихшылары; Сыпыра жырау, Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет, Марғасқа, Ақтамберді, Жиембет, Тәтіқара, Шал, Бұқар сияқты ақындары мен жыраулары болған.

27. XV-XVIII ғасрылардағы әдебиет қандай дәстүрлі үлгімен белгілі? Жыраулар поэзиясымен белгілі.

28. Қазақтың толғау поэзиясы қай кезде белең ала бастады? Қазақтың суырыпсалма өнерге негізделген, авторлығы бар толғау поэзиясы XVIII ғасырдың екінші жартысында дамыды.

29. Жырау деген кім? Өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.

30. Жыраулар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды? Дәстүрлі қазақ қоғамында жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды.

31. Жыраулар мұрасының әдебиеттегі орыны қандай? Қазақтың бай фольклоры мен ежелгі түркі жазба ескерткіштері негізінде қалыптасып дамыған XV-XVIII ғасырлардағы жыраулық үрдіс – қазақ халқының ықылым замандар бойы жасаған сөз өнерінің, тума әдеби қазынасының үлкен бір саласы, құнды мұрасы ретінде бағаланады.

32. Доспамбет кім және қай кезде өмір сүрген? Доспамбет – жырау, ол қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде өмір сүрген.

33. Доспамбеттің өмірін қасқаша шолып, қайтқан жылын атаңыз? Ол Дешті Қыпшақ елін көп аралап, Бақшасарайда, Стамбұлда болған, Қырым ханының жағында көптеген әскери жорықтарға қатысқан. Жырау 1523 жылы тайпаралық ұрыстардың бірінде Астрахань маңында қаза тапқан.

34. Кетбұға кім және қай кезеңдерде өмір сүрген? Кетбұға – жырау, күйші, аңыз кейіпкер, қазақтың ұлы жыршысы, сазгер-күйшісі және халықтың тарихи аңыздарының кейіпкері. Шамамен 1150-1225 жылдары өмір сүрген.

35. Арнау дегеніміз не? Адамның, яки ақынның не өзгеге, кейде жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі.

36. А. Байтұрсынұлы арнауды қанша түрге бөлген? Үш түрге бөлген.

37. Арнаудың түрлерін ата. Жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау.

38. Жарлай арнау дегеніміз не? Ақынның жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жалпы жұртпен жария кеңесуі.

39. Сұрай арнау дегеніміз не? Қойылған сұрақтарға автор жауап күтпейді, олар жауапсыз-ақ түсінікті, арнаудың өн бойында өзінен-өзі анықталады.

40. Зарлай арнау дегеніміз не? Халық басына түскен қиын кезең немесе жеке адамның басына түскен қиындық, тағдыр тәлкегінің азабы ерекше ашылып көрсетіледі.

41. Бала Абай кімдердің туындыларын тыңдап өсті? Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Марабай, Шөже ақындарды тыңдап өскен.

42. Абай кішкентайынан қандай қабілетімен еркшеленді? Ұғымталдығымен, зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленді.

43. Абай неге мән берді? Қоғамға адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім, ғылым, өнерді халықтың қажетіне жаратуға мән берген.

44. Абай мұрасының мәні қандай? Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға деген көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абайды таныту арқылы біз қазақ елін әлемге танытамыз.

45. Ауылдың жас әйелдері Абайдың атын атамай, кім деп атаған? Телқара деп атаған.

46. Абай сауатын қай жерде ашты? Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан.

Абай сегіз жасында сол «Ескітам» медресесінде ауыл молдасы Ғабитханнан хат таныды.

Абай Семейде қай жерде оқыды? Он жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға береді. Медресенің үшінші жылында осы қаладағы «Приходская школоаға» түсіп, онда қосымша үш ай оқыды.

47. Неліктен Құнанбай Абайды оқудан шығарып алды? Абайдың ерекше дарындылығын байқаған Құнанбай оны әрі қарай оқытпай, қайтарып алып, ел ісіне араласуға баулиды. Сөйтіп, 13 жастағы Абай әке ықпалымен ел билеу ісіне араласа бастайды.

48. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңі қай жылы жазылған? 1886 жылы жазылған.

49. Өлең дегеніміз не? Белгілі бір өлшеммен, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін поэзиялық жанр түрі.

50. Өлеңнің құрылымдық жүйесі қандай? Өлең тармақтардан, яғни, өлең жолдарынан, тармақ бунақтардан тұрады.

Сұрақтар мен олардың жауабы жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған Қазақ әдебиеті оқулығы («Арман-ПВ» баспасы, 2018) бойынша әзірленді.

«Бөгенбай бытыр» жыры бойынша әзірленген сұрақтар және олардың жауабы

1. Бөгенбай батырдың әкесінің аты кім? Маянбай
2. Қанжығалы елі қанша мың түтін болған? Тоғыз мың
3. Бөгенбайдың қанша әйелі болған? Он төрт
4. Бөгенбай қанша ағайынды? 17 ұл, 1 қыз.
5. Маянның атасының аты кім? Егіз
6. Маянның жайлауларының аты не?. Көксу, Қияқ.
7. «Баласы Маянбайдың жауға аттанса, Қалмапты еркек кіндік «қылқұйрық» деп!» деген жолдағы «қылқұйрық» сөзінің мағынасы не? Аса қиын халге түскенде, айтылатын ұрандардың бірі «Қылқұйрық», оның мәнісі, осы ұран айтылса, отау иесі боларға жарарлық он үштегі бозжігіттен, қолына қару ұстауға жарайтын жетпіс жас аралығындағы еркек кіндік атаулы түгелдей ерге қонып, жорыққа ерулі атымен, ас-ауқатымен шығуға міндетті.
8. Маянбайдың ағасының аты кім? Жоян.
9. Жоянның қанша ұлы болған? Жиырма екі.
10. Аналық кім? Жоянның тоқалы.
11. Аналық тоқал қанша ұл тапқан? Он екі.
12. Аналық тоқалдан туған ұлдың үлкені кім? Қасқабай.
13. Бұрынғы төреліктен айрылып, құлдай боп жүрген екі төренің аттары кім? Құлжабек, Есімбек.
14. Бөгенбай басын кескен қалмақ ханының аты кім? Шынар.
15. Бөгенбай батыр тұсындағы қазақ ханының аты кім? Әбілмәмбет.
16. Бөгенбай жылқысының саны қанша? Он сегіз мың.

17. Бөгенбай жақсы көретін ағасының аты кім? Егінбай.

18. Бөгенбай жақсы көріп, болашақ туымды ұстайды деген батыр кім? Сарыбай.

19. Сарыбай кімнің баласы? Егінбайдың кенже ұлы.

20. «Жалғыз тұяқ» сөзінің мағынасы не? «Бір тал ұл» және мәтінге байланысты өзге мән де береді.

21. Зейнеп деген кім? Құлжабек төренің қызы.

22. Қасқабайға қандай қолқа салды? «Сізге қатын болайын, Бөгеннің қырсығы өтті, әкем Құлжабекке қанжыға елін бір билетші» деді.

23. «Сізге қатын болайын, Бөгеннің қырсығы өтті, әкем Құлжабекке қанжыға елін бір билетші» деп, кім кімге қолқа салды? Зейнеп Қасқабайға қолқа салды.

24. Зейнептің жасы қаншада? Он сегізде.

25. Бөгенбай туыстарын қай жайлауға барып күтіп жатты? Көксу жайлауында

26. Зейнептің сөзіне алданып, Қасқабай төрелермен қай жайлауға бөлек көшті? Шетқұрай.

27. Қасқабайға елді бөлдің деп, кім наразылық айтты? Анасы Аналық.

28. Төрелерге қосылып кеткен рудың аты не? Дулат.

29. Құлжабектің ордасына адасып келген ердің аты кім? Шектінің батыры Сыңғыр.

30. «Айта бар барсаң сәлем қубасыңа» деген сөзді Сыңғырға кім айтты? Зейнеп.

31. Жырдағы «Қурай шың» деп аталатын жердің толық аты не? Шетқурай.

32. Шектінің батыры Сырым ерге сайда жолыққан бозбала кім? Егінбайдың ұлы Сарыбай.

33. Сарыбай Зейнеп қызға не үшін өшікті? Бөгенбайды «қубас» деген сөзі үшін өшікті.

34. Сарыбай өш алу үшін қайда аттанды? Шетқурай жайлауынадағы Құлжабек төренің ауылына аттанды.

35. Сарыбайдың алдынан жолыққан кім? Төренің қызы Зейнеп.

36. Сарыбай алғаш жолыққанда төренің қызы Зейнепке не деді? «Өзіңді қатындыққа алып, еліңді шабамын» деді.

37. Еліңді шабамын деген Сарыбайға Зейнеп не деп жауап берді? «Жоянның ұлы Қасқабай ерді саған қарсы қоямын» деді.

38. Жырдағы Зейнептің Сарыбайға айтқан келемеж уәжін айтып бер.

– Мен, сірә, болар ма екем сендей жасқа,
Сор мінген, кедей байғұс, біл, жол басқа.
Маянның бұрынғы көп желігі жоқ,
Қолымда саған қарсы батыр Қасқа.

Қадірлес сөзің қайда сыйласыңа,
Кесел қып бөгеу салма қимасыңа.
Өңгеріп ескі әруақты жүр екенсің,

Бөгендей сәлем айтқын қубасыңа.

39. Жасы бойынша Сарыбай үлкен бе, жоқ төре қызы Зейнеп үлкен бе? Зейнеп үлкен.

40. Зейнепті алғаш іздеп келгендегі Сарыбай тақымындағы аттың аты не? Жауыркөк.

41. Төре қызы Зейнеп Сарыбайды қайда шақырды? «Ертең кешке ауылымда қынаменде болады. Сонда кел, күтіп алам» дейді.

42. «Қынаменде» дегеніміз не? Жауабы: Қынаменде – ұлттық ойын-сауық кеші. Күйеу жігіт қалыңдық отауына немесе қыз жеңгесінің үйіне жолдастарымен алғаш келген күні өтеді. Шығыс халықтарында қынаменде кеші күйеу қалыңдықпен бірге болған күннің ертеңінде де өткізіледі.

43. Төре қызы Зейнеп пен Сарыбай уәделесіп, екі айрылғандағы Зейнеп не ойлады? «Ажал жетсе Сарыбай келіп қалар, Қасқабай Сарыбайдың басын кесер. Егіздің ұрпағы қан төгісіп күресіп, бір-бірімен жау болып кетсе, өңкей кещелер, шіркін сонда менің арманым болмас еді» дейді.

44. Сарыбай Зейнеп қыздың шақыруын қабыл ап, ақылдасуға кімге барды? Аналық тоқалға.

45. Бөгенбай батыр бірге туған он жеті ұл, бір қыз бауырларының ішінде нешінші бала? Кенжесі.

46. Аналық шешелерімен ақылдасуға бара жатқанда Сарыбай кімге ұшырасады? Немере бауыры Қалыбекке жолығады.

47. Сарыбайдың жасы нешеде? Он алтыда.

48. Құлжабек төрені қолдаушылар кімдер? Жоянның ұлы Қасқабай мен оның ықпалындағы дулаттар.

49. Сарыбай немере бауыры Қалыбекке жолыққанда алғашқы сұрағаны не? Жауға міну үшін Аналық тоқалдың қолындағы Жоянның көкбедеу атын сұрайды.

50. Қалыбек көкбедеу ат жөнінде Сарыбайға не дейді? «Көкбедеу ат менің қолымда емес, Аналық шешеміздің қолында, ат оңаша тігілген үйде ұсталады. Оны Қасқабайға да бермейді» дейді.

Сұрақтар мен олардың жауабы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынған «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы бойынша әзірленді.

<u>Ескерту:</u> Байқаудың II-кезеңіне қатысушыларға арналған сұрақтар жалпы білім беретін мектепке арналған бағдарламаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді.

Байқау барысында төменгі сыныптың сауалдары жоғарғы сыныптарға қойылуы мүмкін, ал жоғарғы сыныпқа арналған сауалдар төменгі сынып оқушыларына қойылмайды.